АҚМОЛА ОБЛЫСЫ
СТЕПНОГОРСК ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ
**АҚСУ НЕГІЗГІ МЕКТЕБІ**
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА СТЕПНОГОРСКА
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
**ОСНОВНАЯ ШКОЛА ПОСЕЛКА АКСУ**

---

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

17.04.2018 № 59

**Жалпы білім беретін оқу орындарында 2017-2018 оқу жылының аяқталуы және оқушылардың емтихандарын өткізу туралы**

Степногорск қаласы білім бөлімінің 2018 жылдың 04 сәуірдегі «2017-2018 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарының білім алушыларын қорытынды аттестациядан өткізу туралы» № 71 бұйрығының негізінде, 2017-2018 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау және жалпы білім беретін мектеп оқушыларының көшіру мен бітіру емтихандарын өткізу мақсатында

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқу жылының аяқталуын және түлектерді қорытынды аттестациядан өткізу, көшіру емтихандары келесі тәртіппен орнатылсын:
   1) 1-9 сыныптарда оқу сабақтары 2018 жылдың 25 мамырында аяқталсын.
   2) 5-8 сыныптардың аттестациясы 2018 жылдың 31 мамырына дейін өткізілсін.
   3) 9 сынып оқушыларын негізгі мектеп курсы бойынша қорытынды аттестаттау 2018 жылғы 28 мамырдан 8 маусымға дейін өткізілсін.
   4) 9 сынып түлектері мектептің негізгі курсы бойынша 3 міндетті емтихан және 1 пән таңдаулы түрде тапсырады:
      а) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан – 28 мамырда;
      б) қазақ тілінен ауызша емтихан – 31 мамырда
      в) ана тілі және әдебиетінен жазбаша емтихан (орыс тілі) – 5 маусымда;
      г) математикадан жазбаша емтихан 8 маусымда.
2. 5-8 сынып оқушыларын аралық аттестаттау 2017 жылдың 31 мамырына дейін өткізілсін. Оқу пәнінің тізіміне қажетті формалары және оқу жоспарымен сәйкес жетілдірілген, мемлекеттік жалпыбілімдік стандарттың жалпы орта білімінің негізінде орнатылсын.

4. Мектеп завучі Оспанова Б.М. 2018 жылдың мамыр айының 2-іне дейін 5-8 сыныптардың емтихан материалдарының дайындығын қамтамасыз етсін.

5. ӘБ оқушылардың таңдауымен ауызша емтихан үшін материал дайындап, ӘБ отырысында талқыласын. Емтихан материалдарын 2018 жылдың мамыр айының 2-іне дейін бекітілсін.

6. 9 сыныптың сынып жетекшісі Жексенова А.А. оқушылармен және ата-аналармен жиналыс өткізсін. Отырыстар мен жиналыстарда оқу жылының қорытынды аттестациясының ережелерімен таныстырсын.

7. Мектеп завучі Оспанова Б.М. Степногорск қаласы білім бөлімінің 2018 жылғы 04 сәуір айының № 71 «2017-2018 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарының білім алушыларын қорытынды аттестациядан өткізу туралы» бұйрығының орындалуын ерекше бақылауға алып, көрсетілген мерзімдерге сәйкес құжаттарды Степногорск қаласының білім бөліміне жіберсін.

8. Бұйрықтың орындалу бақылауын өзімен қалдырамын.

**Мектеп директоры** **Т.Сыздыков**